

 SATBAYEV UNIVERSITY	«Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3-деңгейлі СМЖ құжаты	2022 жылғы « <u>26</u> » <u>09</u> № <u>1</u> . редакция	Е.029-03-08.1.01-2022

**Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институтындағы
 бакалавр және магистратура білім алушыларына арналған
 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰҒА АКАДЕМИГІ,
 ӘДІЛОВ ЖЕКСЕНБЕК МӘКЕЙҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
 АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Е.029-03-08.1.01-2022

АЛҒЫСӨЗ

**1 «Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институтында
ӘЗІРЛЕНДІ**

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және
құрылыс институтының директоры
«05» 09 2022 г.


Б.Куспанғалиев

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі - Академиялық
мәселелер жөніндегі проректор
«12» 09 2022 г.



Б. Жәутіков

Басқарма мүшесі – Әлеуметтік-мәдени
даму жөніндегі проректор
«09» 09 2022 г.


М. Әлімханов

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы
«08» 09 2022 г.


Т. Абуkenов

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы
«04» 09 2022 г.


А. Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
мемлекеттік тілді дамыту бөлімі бастығы
«06» 09 2022 г.


Ж. Орақбаева

**3 Басқарманың 2022 жылғы «26» 09 № 12 шешімімен
БЕКІТІЛДІ**

4 Бірінші рет ЕНГІЗІЛДІ

Е.029-03-08.1.01-2022	2022 жылғы «26» 09. № <u>1</u> редакция	8 беттің 3-беті
-----------------------	---	-----------------

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Ж.М. Әділов атындағы атаулы стипендияны тағайындау	4
3	Стипендия беруге арналған конкурсты өткізу тәртібі	5
4	Стипендияны төлеу тәртібі	6
	Қосымша	7
	Өзгерістерді тіркеу парағы	8

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институтының бакалавриат және магистратура білім алушыларына ҚР ҰҒА академигі Ж.М. Әділовтың атаулы стипендиясын тағайындау және төлеу шарттарын, өткізу тәртібін айқындайды (бұдан әрі – Стипендия).

1.2 Стипендия Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (В.И. Ленина атындағы Қазақ политехникалық институты), Инженерлік – құрылыс факультетінің 1972 жылғы түлегі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Ж.А. Әділовтың құрметіне тағайындалған.

1.3 Стипендияның мақсаты Сәулет және құрылыс институтының білім беру бағдарламаларының бейіндік пәндері бойынша жақсы үлгерімі бар, университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын, ғылыми-зерттеу жұмысында жақсы нәтижелері бар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасылардан шыққан дарынды студенттер мен магистранттарды көтермелеу және әлеуметтік қолдау болып табылады.

2 Ж.М. Әділов атындағы атаулы стипендияны тағайындау

2.1 Ереже Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институтының бакалавриат және магистратура білім алушыларына қолданылады.

2.2 Стипендия осы Ереженің 1.3-тармағының талаптарына сәйкес келетін Сәулет және құрылыс институтының күндізгі білім беру бағдарламаларының 2-ші (екінші), 3-ші (үшінші) курс бакалавриатының, Сәулет және құрылыс институтының Сәулет және дизайн білім беру бағдарламаларының 4-ші (төртінші) курс білім алушыларына, сонымен қатар Сәулет және құрылыс институты магистратурасының білім алушыларына тағайындалады.

2.3 Стипендия алуға үміткердің Сәулет және құрылыс институтының білім беру бағдарламаларының бейіндік пәндері бойынша жақсы үлгерімі болуы, институт пен университеттің оқу және қоғамдық өміріне белсенді қатысуы, сондай-ақ осы Ереженің 1.3-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2.4 Стипендия алушы (бұдан әрі-Стипендиат) конкурстық негізде айқындалады.

2.5 Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты ұсынған үміткерлер арасынан 1 (бір) үміткерді Университеттің Ғылыми кеңесі іріктейді. Сондай-ақ, осы стипендия

тағайындалған кезінде басқа атаулы мемлекеттік және мемлекеттік емес стипендиялардың алмауы керек.

3 Стипендия беруге арналған конкурсты өткізу тәртібі

3.1 Стипендия алуға арналған байқау (бұдан әрі-Конкурс) ашық болып табылады.

3.2 Конкурс жылына 1 (бір) рет өткізіледі.

3.3 Конкурс туралы ақпарат күнтізбелік жылдың бірінші қыркүйегінен бастап Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің сайтында жарияланады.

3.4 Стипендия Конкурсын өткізу жылының 15-30 қыркүйегі аралығында үміткерлерден құжаттарды тиісті кафедра қабылдайды.

3.5 Кафедра үміткердің құжаттарын университеттің Ғылыми кеңесінде қарау үшін ұсынады.

3.6 Стипендия тағайындау үшін құжаттардың уақтылы ресімделуіне және ұсынылуына Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың Сәулет және құрылыс институтының директоры жауапты болады.

3.7 Стипендия алу конкурсына қатысу үшін университеттің Ғылыми кеңесіне «ҚР ҰҒА академигі Ж. М. Әділовтың атаулы стипендиясы» көрсетілген құжаттарды ұсыну қажет:

- Ғылыми кеңесте стипендия тағайындау мәселесін қарау туралы ұсыныс. (Ұсыныс берушілер оқытушылар, эдвайзерлер, ғылыми жетекшілер болуы мүмкін);;
- Стипендияға өтінім-сауалнама (осы Ереженің Қосымшасы);
- отбасы және әлеуметтік жағдайы туралы құжаттың көшірмесі;
- оқу үлгерімі туралы құжаттың көшірмесі (транскрипт);
- әр түрлі жобаларға, олимпиадаларға, тағылымдамаларға және т.б. қатысқаны туралы дипломдардың/сертификаттардың көшірмелерін (болған жағдайда).

Конкурсқа қатысуға үміткер жоғарыда көрсетілген құжаттарды тиісті кафедраға ұсынуы қажет.

3.8 Үміткерлердің құжаттары «Тенгри» халықаралық жеке қайырымдылық қолдау және даму инновациялық қорының өкілін шақырумен университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады. Аудио және бейне жазбаларды қолдана отырып.

3.9 Конкурстың нәтижелері бойынша университеттің Ғылыми кеңесі стипендия алуға конкурс өткізілетін жылдың 30 қазанынан кешіктірмей стипендия тағайындау туралы шешім қабылдайды.

3.10 Стипендия беру туралы шешім Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Басқарма Төрағасы – ректорының бұйрығы түрінде университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ресімделеді.

3.11 Конкурс жеңімпазы-стипендиатқа бұқаралық ақпарат құралдарын тарту мүмкіндігі бар жағдайда, салтанатты түрде оған атаулы стипендия тағайындау туралы сертификат тапсырылады.

3.12 Бір үміткер осы Ереженің 2-бөлімінде жазылған талаптарға сәйкес келген жағдайда келесі күнтізбелік жылда Конкурсқа қайта қатыса алады.

4 Стипендияны төлеу тәртібі

4.1 Стипендия төлеуді ҚР заңнамасына сәйкес «Тенгри» халықаралық жеке қайырымдылық қолдау және даму инновациялық қоры жүзеге асырады.

4.2 Стипендия мөлшері 300 000 (үш жүз мың) теңгені құрайды..

4.3 Стипендия конкурс өткізілетін жылдың 10 қарашасынан кешіктірмей стипендиат шотының банктік деректемелері бойынша қолма-қол ақшасыз тәртіппен бір мезгілде төленеді.

4.4 Стипендиат ақшалай қаражатты аудару үшін деректерді стипендия тағайындау туралы сертификатты алғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей ұсынады.

Төлқұжат деректері немесе банк деректемелері өзгерген жағдайда, Стипендиат дереу хабардар етуі және ақша аудару үшін тиісті құжаттарды ұсынуы керек.

Е.029-03-08.1.01-2022	2022 жылғы «26» 09. № 1_ редакция	8 беттің 7-беті
-----------------------	-----------------------------------	-----------------

Қосымша

АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

Дербес деректер

ТАЖ	
Туылған күні	
Ұялы телефон №	
e-mail	

Оқу ақпараты

Кафедрасы	
Мамандығы	
Курс	
Оқу түрі	
Басқа стипендияның болуы	
Бейіндік пәндер бойынша орташа балл	

Жобаларға, конкурстарға, тағылымдамаларға, семинарларға, тренингтерге, курстарға, чемпионаттарға және т. б. қатысу.

Күні	Атауы	Қызмет түрі

Жұмыс тәжірибесі (бар болса)

Күні	Мекеме атауы	Жұмыстың мазмұны

Қосымша

Академик Ж. М. Әділовтың атаулы стипендиясы туралы ақпарат көзі	
Бұл бөлімде сіз өзіңіз туралы Комиссияға хабарлау қажет деп санайтын кез келген қосымша ақпаратты баяндай аласыз (қосымша сабақтар, сіздің мүдделеріңіз, қызығушылықтарыңыз, марапаттарыңыз және т.б.).	

Е.029-03-08.1.01-2022	2022 жылғы «26» 09. № 1_ редакция	8 беттің 8-беті
-----------------------	-----------------------------------	-----------------

Өзгерістерді тіркеу парағы_____

құжаттың белгіленуі

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарлама нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты- жөнінің бірінші әріптері, қолы, лауазымы